

5.1 Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы - 2 сағат

Жоспар:

- 1.«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымын жасақтау
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұранының бекітілуі
3. Тәуелсіз мемлекеттің конституциялық-құқықтық негіздері: Қазақстан Республикасының 1995 ж. бірінші Конституциясы, 1995 ж. Конституция
- 4.«Қазақстан-2030» Стратегиясы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы

Әдістемелік нұсқау: Бұл тақырыпты қарастыру барысында студенттер 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң елдің жаңа тарихындағы бастау нүктесі болғанын және оның халықаралық құқықтың дербес субъектісі ретіндегі мәртебесін заңды түрде бекіткенін түсінуі тиіс.

Мемлекеттік билік органдары мен басқару жүйесінің қалыптасу үдерісіне ерекше назар аудару қажет, себебі 1990-жылдардың басында олар институционалдық тұрғыдан қалыптасу кезеңінен өтті. Тәуелсіз институттарды құру тек саяси ерік-жігерді ғана емес, сонымен қатар жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуді талап етті. Мемлекеттіліктің дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі — конституциялық реформалар болды.

1993 жылғы Конституция демократиялық негіздерді бекітіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындады, алайда оның нормалары саяси жүйенің өтпелі сипатын көрсетті. 1995 жылғы Конституция республикалық референдумда қабылданып, президенттік басқару нысанын бекітті, билік вертикалін нығайтты және күрделі өтпелі кезең жағдайында саяси әрі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етті. Студенттерге дәл осы құжаттың қазақстандық мемлекеттіліктің одан әрі дамуына негіз болғанын, сонымен қатар қоғам мүдделері мен тиімді мемлекеттік басқару қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті айқындағанын көрсету маңызды.

Тақырыпты тереңірек түсіну үшін ұзақ мерзімді даму стратегияларын талдау ұсынылады: «Қазақстан – 2030» (1997 ж.) және «Қазақстан – 2050» (2012 ж.). Бірінші стратегия ұлттық қауіпсіздікті нығайту, экономикалық өсуді қамтамасыз ету, азаматтардың әл-ауқатын арттыру және елді әлемдік қауымдастыққа кіріктіру басымдықтарын айқындады. Екінші стратегия қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, ХХІ ғасырдың ортасына қарай қуатты әрі бәсекеге қабілетті мемлекет құрудың бағыт-бағдарын белгіледі. Онда инновациялар, әлеуметтік жаңғыру, адами капиталды дамыту және саяси реформаларға ерекше назар аударылды. Бұл тақырыпты зерделеу студенттерге тәуелсіздіктің жариялануы тек саяси акт қана емес, сонымен бірге ауқымды институционалдық, құқықтық және идеологиялық өзгерістердің бастауы болғанын түсінуге мүмкіндік береді. Осы үдерісті ұғыну тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының тарихи маңызын бағалауға және қазіргі Қазақстан дамуының стратегиялық бағытын терең түсінуге жол ашады.

Реферат тақырыптары:

- 1.Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының қалыптасуы.
- 2.1993 және 1995 жылдардағы Конституциялар: айырмашылықтары мен тарихи рөлі.
3. Тәуелсіздіктің ұлттық бірегейліктің қалыптасуына әсері.
- 4.Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараларын айқындау.

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітап: Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. – Алматы: Казак университет, 2022. – 570 б.
2. Абылхожин Ж.Б. Страна в сердце Евразии: Сюжеты по истории Казахстана. – Алматы: Казак университеті, 1998. – 280 с.
3. Назарбаев Н. А. Эра независимости. – Астана: Атамұра, 2017. – 508 с.
4. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – 736 с.

Қосымша әдебиет:

1. Абенов Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: Атамұра, 1996. – 390 с.
2. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Астана: Елорда, 2001. – 294 с.
3. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Атамұра, 1996. – 256 с.
4. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
5. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003 – 240 с.
6. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. – Алматы: Раритет, 2010. – 432 с.